

ӘОК 02.15.51

XXI ҒАСЫРДА ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ОРНЫ

Болатбеков Елдар Серікболұлы

eldar_xo@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

5B020100-«Философия» мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т.С. Жахина

XXI ғасыр ақпараттық және инновациялық технологиялар, ғарыш кеңістігін игеру ғасыры, постиндустриалды қоғамның өркендеу кезеңі. Сондай-ақ, XX ғасырда екі дүниежүзілік соғыс пен испандық тұмау салдарынан, трагедия мен алаңдаушылықтың шарықтағаны орын алатын болса, XXI ғасырда ғылыми жаңалықтардың, ақпараттың көптігі, жаһандану үрдісі, жаңа болмыстың түрі – виртуалды шындықтың пайда болуы адамзат өмірін өзгеріп, адамдардың көбісінде ішкі күйзеліс орын алған, ауыр депрессия, таңдау еркіндігі мәселесі алға шыққан кезең. Бүгінгі күні XX ғасырға сілтеме жасау және оның тәжірибесін қайта қарастыру арқылы философтар, мәдениеттанушылар, психологтар, әлеуметтанушылар және саясаттанушылар қазіргі заманда орын алып жатқан әлемдік мәселелерді шешуге қолданып, оңтайлы шешімдерге келуде. Неміс классикалық философиясының ірі өкілі Вильгельм Фридрих Гегель тарих пен адамзат екі рет қайталанатынын байқап, бірінші рет трагедия, ал екінші рет фарс түрінде болатынын айтқан. Яғни тарихқа жүгіну тәсілі арқылы адамзат болашақта қателік жасамауы мүмкін, немесе мәселелерді шешуде өткеннің тәжірибесін пайдалану арқылы, оң шешімдер таба алады.

Фридрих Ницшенің «Заратуштра осылай деді» деген кітабында «Құдай өлді» деген философиялық идеясынан кейін, қоғамның моральдық өлшемі болған жаратушы енді жоқ, оның орнын толтыратын басқа рухани құндылықтардың жетіспеуінен [1], XX ғасыр азап пен абсурд етек жайған, күйзелістерді күту уақыты, ескі мұраттарды түбегейлі қайта бағалау және жаңаларын қалыптастыру уақыты болды. Дін жалпыға ортақ бағытынан кетіп, адам ештеңесіз, бұл дүниемен жалғыз, бетпе-бет қалды. XX ғасырдағы соғыс жылдары адамзатқа өркениеттің ақыры туралы шындықты көрсетті.

Ежелгі дәуірде адамдардың сұрақтарына жауап берген үйлесімді және реттелген тұтас космос, орта ғасырларда орталық күш болған Құдай идеялары жоққа айналды. Жаңа заман философиясынан XX ғасырға дейін өсірілген рационалды және парасатты адам идеясы, қайғылы оқиғаларға әкелді. Холокост, геноцид, газ камералары, Освенцим концлагері сияқты қатыгездіктерден кейін, адамзат адам ақылына үмітсіздікпен қарап, бұрынғыдай рационализм адамзатқа тірек бола алмады. Адамды ұлықтайтын гуманистік идеялар шайқалған кезде, экзистенциалистік философия таңдау еркіндігі, әрбір жеке өмірдің құндылығы және оның бірегейлігіне деген серпіліс сенім береді.

Экзистенциализм, басқаша тіршілік философиясы – буржуазиялық интеллигенцияның көзқарастарына сай келетін жаңа дүниетаным жасау әрекеті ретінде ХХ ғасырда пайда болып, 40-60 жылдары кеңінен етек алған батыс елдері философиясындағы иррационалистік бағыт. Экзистенциализм діни (Марсель, Ясперс, Бердяев, Шестов, Бубер) және атеистік (Сартр, Камю, Бовуар) болып екіге бөлінеді. Экзистенциализм пессимистік дүниетаным ретінде пайда болып, өзінің алдына мынадай мәселелерді қойды: либералдық-прогрессивтік үміт елестен айрылған адам тарихи апаттар алдында қалай өмір сүрмек? Тарихта болып жатқан оқиғалардың бәріне адам жауапкершілігі экзистенциализмнің негізгі мәселелерінің бірі [2].

ХХ ғасырда болған, жоғарыда айтылып кеткен жағдайлар экзистенциалды философияның дамуына негіз болды. Ғылыми-техникалық прогрестің арқасында адам бұрын қол жетімді болмаған мүмкіндіктерге жол ашты, дегенмен адам оларды игеруге, өзгерістерді ой елегінен өткізуге, бейімделуге үлгермеді. ХХ ғасырға дейін бірде-бір жүз жылдықта даму соншалықты жылдам үрдісте болған жоқ. Экзистенциализм бағыты ХХ ғасыр адамына қажеттіліктен пайда болып, еркіндікке және жауапкершілікке апаратын нұсқау ретінде қалыптасты. Басты сұрақтар еркіндікті анықтауға бағытталған. Экзистенциализм өкілдері еркіндіктің ақиқаттылығы туралы мәселені көтергенде, адамның табиғи шынайылығы мәселесінен бастау алады.

Атеистік экзистенциализмнің ірі өкілі Жан-Поль Сартр басты мәселе субъект яғни адамның еркіндігін, оның тұлғалық жауапкершілігімен қатар адам болмысының құндылығын көркемдік еңбектер арқылы көрсетті. Еркіндік және жауапкершілік бұл философиялық ұғымдар адам тіршілігінің маңыздылығын сипаттайды. Адамға табиғаттан берілетін еркіндік пен жауапкершілік, оны айналадағы болмысты зерттеп, тануға мүмкіндік береді [3]. Жауапкершілік – этика саласымен тығыз байланысқан, әлеуметтік және моралді, құқықтық тұлғаның қоғамға, адамзатқа қатынасын білдіреді. Жауапкершілік – еркіндіктің кері жағы, оның екінші «мені», ол әрине еркіндікпен үздіксіз байланысқан, еркіндіктің имманентті шектеушісі болып табылады. Еркіндік физикалық ұғым емес, метафизикалық ұғым болып келеді. Оның ноуменалды болуы, болмыстың таза адамдық өлшемін білдіреді. Сонымен бірге, себептілік екінші реттік, жауапкершілік бірінші болып келеді. Осыған байланысты, сана мен тереңірек байланыстарды түсінудің көмегімен адам метафизикалық еркін, яғни ол денесінен, мінезінен, шығу тегінен, табиғат заңдарынан, тіпті Құдайдан да еркін бола алады. Жан-Поль Сартр еркіндікті абсолютті, туа берілген қабілет ретінде қарастырды. Сонымен, экзистенциализмдегі еркіндік – бұл ең алдымен сана еркіндігі және жеке адамның рухани, моралді, саяси ұстанымын таңдау құқығы.

Жан-Поль Сартрдың философиядағы еркіндік екі міндетті шартты білдіреді. Біріншіден, адам мақсатының таңдау қабілеті немесе таңдау еркіндігі, екіншіден, адамның мақсатына жету қабілеті немесе оның әрекетінің еркіндігі. Әрбір адамның субъективті өмірлік жобасы бар. Бұл бастапқы жобадан адамда басқа ештеңе жоқ. Жан-Поль Сартр адам өз жобасын тек еркіндігінің арқасында жүзеге асырады деп есептейді. Жасаған істеріне адам өзі жауапты, сәйкесінше оның әрекеттері үшін барлық жауапкершілік оның мойнына жүктеледі. Жан-Поль Сартрдың ойынша адам еркін, еркіндікке ол туғаннан душар. Еркіндік дегеніміз - адамның арқаланатын жауапкершілік жүгі. Яғни адам еркін, бірақ өз ісіне толығымен басқалардың алдында жауапты. Адам үшін еркіндік абсолютті, оның басқа жануарлардан ерекшелігі – адам өзінің таңдауын саналы жасай алатын субъект және өз таңдауы үшін жауапты болып табылады [4].

Қазіргі таңда саяси және рухани өмірдің орталық мәселесі – адам еркіндігі. Бұл идея 2019 жылы COVID-19 пайда болуынан бастап жаңа сынаққа тап болды. Елдер арасындағы қозғалыс еркіндігі қалыпты нәрсе ретінде қабылдана бастаған әлем бір сәтте тоқтап, белгісіздік жағдайында қалқып, жер шарындағы әрбір адам экзистенциализмнің мәнін көрсететін маңызды мәселелерімен бетпе-бет кездесті. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің болмауы, виртуалды әлем арқылы байланысу жалғыздық сезімін тудырып, еркіндіктің көрінісі жоғала бастады. Қазіргі уақытта қоғам мен мемлекет ішінде

біздің еркіндігіміз және тәуелсіздігімізге қауіп төніп тұрғанын сеземіз. Яғни цензура, саяси режимдер, желілік корпорациялардың күші, бұқаралық ақпарат құралдары, бізге жаңа идеологиялардың ықпалынан пайда болатын қақтығыс заманында өмір сүрудеміз. Мысалы, пандемиядан кейін әлемдік философияда еркіндік ұғымының өзгеруі халықаралық қауымдастық деңгейінде талқылануда.

Еркіндік ұғымы көп қырлы, қарама-қайшы және тарихи өзгермелі болып табылады. Әрбір дәуірде еркіндік мәселесі әртүрлі қарастырылды, кейде қарама-қарсы мағынада, қоғамдық қатынастардың сипатына, дамудың өркениеттік деңгейіне, қажеттіліктер мен тарихи міндеттерге байланысты сай қойылды. Антикалық дәуірде еркіндік, бұл табиғи және ғарыштық тәртіптің атрибуты деп саналды. Ортағасырлық діни философияда шынайы еркіндік тек қана Құдайда болған. Жаңа заман философиясынан бастап еркіндік «танылған қажеттілік» немесе адам тұлғасының бастапқы автономиясы ретінде қарастырылады. Ағартушылық кезеңінен бастап либерализм мен табиғи құқық философиясынан алынған еркіндік ұғымы пайда болып, ол барлық терең ғылыми көзқараспен тежелетін, табиғи себептер мен заңдылықтардың үстемдігін мойындаған.

Еркіндік қаншалықты абстрактілі ұғым болса да, еркіндіктің нақты, тарихи және әлеуметтік анықтамалары бар. Қарапайым түсінікте еркіндік біреудің үстемдігінсіз өмір сүру, қалаған әрекетін іске асыра алу қабілеті болып саналады. Адамзат, әсіресе, жастар қауымы үшін еркіндік аса маңызды болып келеді.

Экзистенциализмдегі еркіндік мәселесін көптеген интерпретациямен түсіндіруге болады. Альбер Камю шығармашылығындағы экзистенциалдық идеялардың өзектілігі осы күнге дейін жоғалмаған. Оның «Сизиф туралы миф» (1941 ж.) шығармасында негізгі мәселе суицид болып табылады. XX ғасырда Альбер Камю қоғамда дау туғызған тезис ұсынды – «егер сіз философ болғыңыз келсе, роман жазыңыз». Ол Жан-Поль Сартр сияқты көркем шығармашылықты философиялық эксперименттердің сынақ алаңына айналдырғысы келді. Олар ең алдымен абсурдтық тұжырымдамаға негізделген. Абсурдтық сезім, автордың ойынша, ең алдымен адам мен оны қоршаған дүние арасындағы немесе Альбер Камюдің сөзімен айтқанда, «актер мен декорация арасындағы» қайшылық негізінде туындайды. Егер, біз әлемге анықтама бере алсақ, бұл анықтама ақиқат болмаса да, онда дүниенің түсіндірмесі анық және тұжырымдалған болуы керек. Адам бұл түсіндірудің иллюзорлық сипатын түсінген бойда өзін ғаламда бейтаныс адамдай сезіне бастайды. Адамның алдында мынадай сұрақ туындайды: өмір сүруге тұрарлық па [5]?

Біздің замандағы суицид деңгейінің қайғылы статистикасын байқайтын болсақ, бұған қоғамдағы әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар және өмірде өз орнын таба алмау, жалғыздық, психикалық аурулар индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамға көшу сияқты көптеген факторлар әсерінен үлкен экономикалық жүктеме, біріншіден, адамдар өмір сүру құрылымының жаңа жүйесіне бейімделе алмады, бұл қоғамда бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан депрессияға әкелді.

Бүгінгі күні Қазақстанның өз-өзіне қол жұмсау бойынша алғашқы он елдің қатарына кіруі өте өкінішті жағдай. Шығыс Еуропа елдерінде және посткеңестік елдерде жоғары деңгей байқалады, ол денсаулық сақтаудың, саяси және экономикалық деңгейлерімен негізделеді. Балтық жағалауы елдері, Скандинавия елдері (Норвегиядан басқа), сондай-ақ Орталық Еуропа елдері (Германия, Швейцария, Австрия) статистикаға сәйкес және бұл елдерде суицид деңгейі өте жоғары, бұл елдер өмірлік белсенділіктің барлық салаларында дамығанын еске түсірейік, бұл біздің ұрпағымыздың психикалық тұрғыдан қатты күйзеліске ұшырап, мағынасын жоғалтып жатқанын білдіреді [6].

Жоғарыда аталған жағдайды шешудің бір жолы ол Альбер Камюдың философиясына жүгіну. Философ экзистенциалист барлығын абсурдқа теңеу арқылы, грек патшасы Сизифты мысалға келтіріп абсурдтық пен мағынасыздыққа көніп, өмірді әрі қарай жалғастыруды қабылдау керек екендігін айтқан.

Қорытындылай келе, XXI ғасырда жаһандану үрдістерінің қарқынды даму салдарынынан пайда болған бірөлшемді адам үлгісі, индивидуалдылықтың жоғалуы, діни,

рухани, дәстүрлі құндылықтардың нигилизімі, ғылыми-техникалық прогрестің кері жағы, коронавирустық пандемия кезіндегі адамдар сезінген қорқыныш пен үрей, посткоронавирустік кезеңдегі адамдарның еркіндігі мен жауапкершігі, жалғыздығы, суицид проблемасы, адамның ішкі күйзелістері, соның ішінде Қазақстанда болған қаңтар оқиғалары кезінде адамдарда пайда болған шекаралық жағдайлар тағы да осындай сияқты басқа мәселерді ХХ ғасырда қалыптасқан экзистенциализм бағытына философиялық талдау жасау арқылы шешуге болады деп есептейміз. Әсіресе, жоғарыда айтылған философ экзистенциалистер Жан-Поль Сартр мен Альбер Камю еңбектеріне герменивтикалық және кейс талдау жасай отырып оңтайлы түйін шығара аламыз. ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырларды салыстыра отырып, аналогия, параллель көруге болады. Яғни экзистенциализм философиясының ХХІ ғасырға қажет болып табылатын практикалық маңыздылығы аса зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ницше Ф. Так говорил Заратустра. - Санкт-Петербург: Азбука-Аттикус, 2014.–347с.
2. Философиялық сөздік. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996, 498-499 б.
3. Бытье и нечто / Жан Поль Сартр; [перевод с французского В. И. Колядко]. – Москва : Издательство АСТ, 2020, 1072 с.
4. **Сартр Ж.П. Экзистенциализм это гуманизм // Сумерки богов. М.: Политиздат, 1989. С. 321.**
5. Альбер Камю. Миф о Сизифе / А.М. Руткевич. - Москва: Издательство политической литературы, 1990. 118 с.
6. Euronews. «Suicide rate is highest in Europe: UN health agency report». 18 May 2017. <https://www.euronews.com/2017/05/18/suicide-rate-is-highest-in-europe-un-health-agency-report> (Қолданған күні 30.03.2022)